

Құрылтайшы және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz
сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)
Редакциялық кеңес құрамы
Сәріпбеков Р.Қ. (Астана, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділдинов Е.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург,
Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Шерубай Құрманбайұлы – ф.ғ.д.
(Астана, Қазақстан)

Редакциялық алқа құрамы
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан) – (төраға)
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – ҚР еңбек сіңірген
мәдениет қайраткері (Астана,
Қазақстан)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов,
Ресей)
Қазбаева Ә.Ғ. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Казиев З.Ғ. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Қоныс В.Т. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Кулиспаева М.Ж. – PhD (Астана,
Қазақстан)
Мұшанов Т.Е. (Астана, Қазақстан)
Нұрғазин Б.Қ. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Ғ. – PhD (Қостанай,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қырғызстан)

Журнал редакциясы
Колтубаева Г.Б.
Ердешева Д.Т.
Жұмагелдина Б.Ж.
Байленова А.Қ.
Джамбуршин К.А.

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі Ақпарат
және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі
мен мерзімі №6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғ.,
8 ұй
тел.: 8(7172)74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43
www.iz.adilet.gov.kz
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы	8
<i>ҚР Әділет министрі М. Бекетаевтың 2018 жылғы 24 желтоқсанда Үкіметтік сағатында жылжымайтын мүлікті тіркеу мәселелері бойынша сөз сөйлеуі</i>	13
Конституциялық және әкімшілік құқық	
Р.Қ. СӘРІПБЕКОВ Шет елдерде жария дауларды реттеудің балама нысандарын қолдану мәселесіне	16
В.Х. СЕЙТИМОВА Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі – отбасы мен балалықты қорғау кепілі	21
Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА Заң шығармашылығындағы болжаудың рөлі және заңдар қолданысының құқықтық салдарын айқындау өлшемшарттары туралы	27
Р.Ғ. НҰРМАҒАМБЕТОВ «Конституциялық реттеу» ұғымы туралы білімді тарихи-құқықтық талдау	35
А.Б. ҚАЙЖАҚПАРОВА, Б.Б. ЕРМЕКБАЕВ Әкімшілік әділет жүйесінде шағымдану институттары	42
Азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқығы	
Х.-Й. ШРАММ Жария-құқықтық және жеке-құқықтық реттеу әдістерінің арақатынасы	50
Е.А. ДЮСЕНОВ, А.К. ЛЯМБЕКОВА Қоршаған ортаны қорғау және энергия техникалық және денсаулық сақтау (клиникалық зерттеулер) саласындағы құқықтық ережелерді жеткізудің ағымдағы мәселелері	61
У.Е. КУДИЯРОВА Ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазатын өсиетінің құқықтық табиғаты	72
Г.Э. ӘБДІРАСҰЛОВА Қазақстан Республикасының азаматтық-құқықтық ақпарат айналымы аясындағы халықаралық ынтымақтастығының өзекті мәселелері	77
Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс	
О.И. СЕМЫКИНА (Мәскеу қ.) Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығының онтологиясы	83
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ Егеменді Қазақстанда халықаралық шарттарды орындауды конституциялық реттеу	92
М.Ж. КУЛИКПАЕВА Халықаралық ғарыш құқығындағы жауаптылық туралы нормалар және оларды Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына имплементациялау	97
И.А. ОРЛОВА (Санкт-Петербург қ.) Халықаралық, трансұлттық және шетелдік юрисдикциялық органдардың шешімдері: мойындау және орындау проблемалары	104
Құқықтық мониторинг	
Е.М. ЕЛУБАЙ, А.Ж. ҚАЛМАҒАМБЕТОВ Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметін ұйымдастырудың кейбір аспектілері (құқықтық мониторингтің нәтижесі)	112
Қ.Ж. ҚУАНДЫҚОВ, М.Қ. ЖУСУПБЕКОВА, Р.З. АБДРАХМАНОВ Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы кооперациясының ұйымдастырушылық-құқықтық дамуының проблемалары	120
Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы практикасынан	
Т.Е. МУШАНОВ, Н.А. ХАМЗИНА Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің кейбір мәселелері	128
Б.А. ШОЛАН Халықаралық құжаттардағы терминдердің кейбір мәселелері	132
Н.А. БАЙКӘРІМОВА, Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Ғылыми лингвистикалық сараптаманың кейбір мәселелері туралы	137
А.К. МАХАМБЕТОВА, К.А. АЙНАБАЕВА Терминдерді біріздендіру – уақыт талабы	143
Жас ғалым мінбері	
А.С. ТӨЛЕПБАЕВА, Т.К. МАКЕНОВ Жария құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды сотқа дейінгі реттеу институтының құқықтық табиғаты	154

Д.Б. АБДИЛЬДИНА Халықаралық шарттар жобаларына ғылыми сараптама жүргізудің кейбір ерекшеліктері туралы.....	161
Ф.П. ДОСАНОВА Жария құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды сотқа дейінгі реттеудің баламалы нысандары: шетелдік тәжірибе және Қазақстан Республикасында пайдалану перспективалары.....	167
М.Н. БАЙСАҚАЛОВА «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізінің құрылуы мен жұмыс істеуінің құқықтық проблемалары.....	174
А.Қ. РАҚЫШЕВА «Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын талдау және оны қолдану практикасы.....	182

Ғылыми өмір хроникасы

Қазақстан Республикасы Заңнама институты Ғылыми-әдістемелік кеңесінің ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талқылау бойынша кеңейтілген отырысы туралы ақпараттық хабарлама, Астана қ., 2018 жылғы 27 қыркүйек.....	188
«Халықаралық сот төрелігі және интеграциялық үдерістерді нығайту» халықаралық конференциясы туралы ақпараттық хабарлама, Минск қ., 2018 жылғы 18-19 қазан.....	192
Әкімшілік құқық бойынша «Әкімшілік құқықтағы атқарушылық іс жүргізу» тақырыбындағы IX халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама, Астана қ., 2018 жылғы 1-2 қараша.....	195
Қазақстан Республикасы Заңнама институты Ғылыми-әдістемелік кеңесінің ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талқылау бойынша кеңейтілген отырысы туралы ақпараттық хабарлама, Астана қ., 2018 жылғы 16 қараша.....	199
Қазақстан Республикасы Заңнама институты Ғылыми-әдістемелік кеңесінің ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талқылау бойынша кеңейтілген отырысы туралы ақпараттық хабарлама, Астана қ., 2018 жылғы 30 қараша.....	203
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған кітап көрмесі туралы ақпараттық хабарлама.....	206
Қазақстан Республикасы Заңнама институты Ғылыми-әдістемелік кеңесінің ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талқылау бойынша кеңейтілген отырысы туралы ақпараттық хабарлама, Астана қ., 2018 жылғы 5 желтоқсан.....	208
Новосибирскке қызметтік сапар туралы ақпараттық хабарлама, 2018 жылғы 5 желтоқсан.....	214
Мәскеуге қызметтік сапар туралы ақпараттық хабарлама, 2018 жылғы 6-8 желтоқсан.....	217
Кітапхана қорына түскен басылымдар көрмесі туралы ақпараттық хабарлама.....	221

«Жаршының» мұрағат беттері

М.А. АЙЫМБЕТОВ Заң терминдері сөздігін түзудің кейбір мәселелері (ҚР ЗИ Жаршысы. – №3(27)-2012. - 127-130 б.).....	223
Б.А. ШОЛАН М.А. Айымбетовтің «Заң терминдері сөздігін түзудің кейбір мәселелері» деген ғылыми жарияланымына қайта оралғанда.....	226

Есімнама


Ш.В. ТЛЕПИНА Құқық қорғаушысы (Р.К. Сәрпековтің туған күніне орай).....	229
Заң ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.О. Тілембаеваның мерейтойына орай.....	233

Библиография

З.ғ.к., доцент К.В. Агамировтың 2-томдық монографиясына рецензия «Прогнозирование правовых рисков», – М.: Русайнс, 2018. – Т. 1. - 328-б. –Т. 2. – 332-б.....	234
«Профсоюзы: теория и практика» ұжымдық монографиясына рецензия / Б.Ж. Әбдірайымның жалпы редакциясымен. - Астана, 2018. – 357-б.....	238

Даналық ойлар

256



Учредитель и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»
Издается с 2006 года

Все материалы журнала размещаются
на сайте www.iz.adilet.gov.kz
Включен в перечень изданий
для публикации основных научных
результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. (Астана, Казахстан) –
(председатель)
Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург,
Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва,
Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Астана, Ка-
захстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Шерубай Күрманбайұлы – д.ф.н.
(Астана, Казахстан)

Состав Редакционной коллегии
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан) – (председатель)
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – заслуженный дея-
тель культуры РК (Астана, Казахстан)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов,
Россия)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан)
Казиев З.Г. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан)
Куликпаева М.Ж. – PhD (Астана,
Казахстан)
Мушанов Т.Е. (Астана, Казахстан)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Костанай,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Ка-
меногорск, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)

Редакция журнала
Колтубаева Г.Б.
Ердешева Д.Т.
Жумагелдина Б.Ж.
Байленова А.К.
Джамбуллин К.А.

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан
(№ и дата первичной постановки на учет
№6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана, пр. Мәңгілік ел, д. 8
тел.: 8(7172)74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43
www.iz.adilet.gov.kz
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

СОДЕРЖАНИЕ

Колонка редакции	9
<i>Выступление Министра юстиции РК М. Бекетаева на Прави- тельстве в часе 24 декабря 2018 года по вопросам регистрации недвижимого имущества</i>	13
Конституционное и административное право	
Р.К. САРПЕКОВ К вопросу о применении альтернативных форм урегулирования публичных споров в зарубежных странах	16
В.Х. СЕЙТИМОВА Конституционный Совет Республики Ка- захстан – гарант охраны семьи и детства	21
Ж.У. ТЛЕМБАЕВА О роли прогнозирования в законотворчестве и критериях определения правовых последствий действия законов	27
Р.Г. НУРМАГАМБЕТОВ Историко-правовой анализ знаний о понятии «конституционное регулирование»	35
А.Б. КАЙЖАКПАРОВА, Б.Б. ЕРМЕКБАЕВ Институты обжа- лования в системе административной юстиции	42
Гражданское и гражданско-процессуальное право	
Х.-Й. ШРАММ Соотношение публично-правовых и част- но-правовых методов регулирования	50
Е.А. ДЮСЕНОВ, А.К. ЛЯМБЕКОВА Актуальные вопросы совершенствования законодательной регламентации в сферах ох- раны окружающей среды и энергоэффективности, а также здраво- охранения (клинические исследования)	61
У.Е. КУДИЯРОВА Правовая природа совместного завещания супругов	72
Г.Э. АБДРАСУЛОВА Актуальные вопросы международного сотрудничества Республики Казахстан в сфере гражданско-право- вого оборота информации	77
Уголовное право и уголовный процесс	
О.И. СЕМЫКИНА (г. Москва) Онтология уголовной ответ- ственности юридических лиц	83
Международное право и сравнительное правоведе- ние	
Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ Конституционное регулирование исполнения международных договоров в суверенном Казахстане	92
М.Ж. КУЛИКПАЕВА Нормы об ответственности в между- народном космическом праве и их имплементация в национальное законодательство Республики Казахстан	97
И.А. ОРЛОВА (г. Санкт-Петербург) Решения междунаро- дных, транснациональных и иностранных юрисдикционных орга- нов: проблемы признания и исполнения	104
Правовой мониторинг	
Е.М. ЕЛУБАЙ, А.Ж. КАЛМАГАМБЕТОВ Некоторые аспекты организации страховой деятельности в Республике Казах- стан (результат правового мониторинга)	112
К.Ж. КУАНДЫКОВ, М.К. ЖУСУПБЕКОВА, Р.З. АБДРАХ- МАНОВ Проблемы организационно-правового развития сельско- хозяйственной кооперации Республики Казахстан	120
Из практики законотворчества на государственном языке	
Т.Е. МУШАНОВ, Н.А. ХАМЗИНА Некоторые вопросы пе- ревода казахского алфавита на латинскую графику	128
Б.А. ШОЛАН Некоторые вопросы терминов в междунаро- дных договорах	132
Н.А. БАЙКАРИМОВА, Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА О некото- рых вопросах научной лингвистической экспертизы	137
А.К. МАХАМБЕТОВА, К.А. АЙНАБАЕВА Унификация терминов – требование времени	143
Трибуна молодого ученого	
А.С. ТУЛЕПБАЕВА, Т.К. МАКЕНОВ Правовая природа ин- ститута досудебного урегулирования споров, вытекающих из пу- бличных правоотношений	154

Д.Б. АБДИЛЬДИНА О некоторых особенностях проведения научной экспертизы проектов международных договоров.....	161
Ф.П. ДОСАНОВА Альтернативные формы досудебного урегулирования споров, вытекающих из публичных правоотношений: зарубежный опыт и перспективы использования в Республике Казахстан.....	167
М.Н. БАЙСАКАЛОВА Правовые проблемы становления и функционирования международного транзитного коридора «Западная Европа - Западный Китай».....	174
А.К. РАКИШЕВА Анализ Закона Республики Казахстан «О железнодорожном транспорте» и практика его применения.....	182

Хроника научной жизни

Информационное сообщение о расширенном заседании Научно-методического совета Института законодательства Республики Казахстан по обсуждению результатов научных исследований, 27 сентября 2018 года.....	189
Информационное сообщение о международной конференции «Международное правосудие и укрепление интеграционных процессов», г. Минск, 18-19 октября 2018 года.....	193
Информационное сообщение о IX международной научно-практической конференции по административному праву на тему: «Исполнительное производство в административном праве», г. Астана, 1-2 ноября 2018 года.....	196
Информационное сообщение о расширенном заседании Научно-методического совета Института законодательства Республики Казахстан по обсуждению результатов научных исследований, 16 ноября 2018 года.....	200
Информационное сообщение о расширенном заседании Научно-методического совета Института законодательства Республики Казахстан по обсуждению результатов научных исследований, 30 ноября 2018 года.....	204
Информационное сообщение о книжной выставке, посвященной Дню Первого Президента Республики Казахстан.....	207
Информационное сообщение о расширенном заседании Научно-методического совета Института законодательства Республики Казахстан по обсуждению результатов научных исследований, 5 декабря 2018 года.....	210
Информационное сообщение о служебной поездке в Новосибирск, 5 декабря 2018 года.....	215
Информационное сообщение о служебной поездке в Москву, 6-8 декабря 2018 года.....	218
Информационное сообщение о выставке изданий, поступивших в фонд библиотеки.....	222

Архивные страницы «Вестника»

М.А. АЙЫМБЕТОВ Некоторые проблемы составления словаря юридических терминов (Вестник ИЗ РК. №3(27)-2012. - С. 127-130).....	223
Б.А. ШОЛАН Возвращаясь к научной публикации М.А. Айымбетова «Заң терминдері сөздігін түзудің кейбір мәселелері» (Некоторые проблемы составления словаря юридических терминов).....	226

Персоналии

Ш.В. ТЛЕПИНА Защитник права (Ко дню рождения Р.К. Сарпекова).....	229
К юбилею кандидата юридических наук, доцента Ж.У. Тлембаевой.....	233

Библиография

Рецензия на монографию к.ю.н., доцента К.В. Агамирова «Прогнозирование правовых рисков» в 2-х томах. - М.: Русайнс, 2018. - Т. 1. - 328 с. - Т. 2. - 332 с.....	234
Рецензия на коллективную монографию «Профсоюзы: теория и практика» / Под общ. ред. Б.Ж. Әбдірайыма. - Астана, 2018. - 357 с.....	238

Мудрые мысли	256
---------------------------	-----



Founder and publisher:
SI «Legislation Institute
of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed
on the website
www.iz.adilet.gov.kz

Included in the list of publications of basic
scientific results of dissertations on legal
sciences (Order CCES MES RK №894
from 05.30.2013)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. (Astana, Kazakhstan) –
(Chairman)
Abaydeldinov E.M. – d.j.s. (Astana,
Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Kiev, Ukraine)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Malinowski V.A. – d.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Sherubai Kurmanbaiuly – d.ph.s. (As-
tana, Kazakhstan)

Editorial Board members

Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Astana,
Kazakhstan) – (Chairman)
Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Aiyumbetov M.A. – Honored Worker of
Culture of Kazakhstan, (Astana, Kazakh-
stan)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Rus-
sian)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Kaziyev Z.G. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Konusova V.T. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Kulikpayeva M.Zh. – PhD (Astana,
Kazakhstan)
Mushanov T.E. (Astana, Kazakhstan)
Nurgazinov B.K. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Nurmagambetov R.G. – PhD (Kostanai,
Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-
Kamenogorsk, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek,
Kyrgyzstan)

The editorial staff

Koltubayeva G.B.
Yerdesheva D.T.
Zhumageldina B.Zh.
Bailenova A.K.
Dzhamburshin K.A.

*The certificate of registration of mass media
№11219-G from 15.11.2010 from
the Committee of Information and Archives
of the Ministry of Culture and Information
of the Republic of Kazakhstan
(Number and date of primary registration
№6592-Zh.07.09.2005.)*

Address:

The Republic of Kazakhstan,
010000, Astana, Mangilik el pr., 8
tel.: 8 (7172) 74-02-06
fax: 8 (7172) 74-14-43
www.iz.adilet.gov.kz
e-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

CONTENT

Editorial	11
<i>Speech of the Minister of Justice of the Republic of Kazakhstan M. Beketayev at the Government hour on December 24, 2018 concerning the issues of the registration of real estate</i>	13
Constitutional and Administrative Law	
R.K. SARPEKOV To the question of the administration alternative forms of the settlement of public-legal disputes foreign countries.....	16
V.Kh. SEITIMOVA Constitutional council of the Republic of Kazakhstan: a guarantee of the protection of the family and childhood.....	21
Zh.U. TLEMBAEVA On the role of forecasting in lawmaking and the criteria for determining the legal consequences of laws.....	27
R.G. NURMAGAMBETOV Historical and legal analysis of knowledge about the concept “constitutional regulation”.....	35
A.B. KAIZHAKPAROVA, B.B. ERMEKBAYEV Institutes of appeal in the system of administrative justice.....	42
Civil and Civil Procedural Law	
H.-J. SCHRAMM Correlation of public-legal and private-legal methods of regulation.....	50
Y.A. DYUSSENOV, A.K. LYAMBKOVA Current issues of implementation of legislative regulations in environmental protection and energy efficiency and health care (clinical researches).....	61
U.E. KUDIYAROVA The legal nature of the joint testament of the spouses.....	72
G.E. ABDASSULOVA Current issues of international cooperation of the Republic of Kazakhstan in the field of civil legal traffic information.....	77
Criminal law and Criminal procedure	
O.I. SEMYKINA Ontology of liability of legal persons.....	83
International and Comparative law	
Y. ABAIDELDINOV Constitutional regulation of the implementation of international treaties in sovereign Kazakhstan.....	92
M. ZH. KULIKPAYEVA Norms on responsibility in international space law and their implementation in the national legislation of the Republic of Kazakhstan.....	97
I.A. ORLOVA Decisions of international, transnational and foreign jurisdictional bodies and economic security of the state: problems of recognition and enforcement.....	104
Legal monitoring	
E.M. ELUBAY, A.Zh. KALMAGAMBETOV Some aspects of the insurance organization activities in the Republic of Kazakhstan (result of legal monitoring).....	112
K.Zh. KUANDYKOV, M.K. ZHUSUPBEKOVA, R.Z. ABDRAKHMANOV Problems of organizational and legal development of agricultural cooperation of the Republic of Kazakhstan.....	120
Lawmaking practice in the official language	
T. MUSHANOV, N. KHAMZINA Some issues of the transition of Kazakh alphabet into Latin graphics.....	128
B. SHOLAN Some questions of terms in international treaties.....	132
N. BAIKARIMOVA, D. SHYNGYSBAYEVA About background of occurrence of errors in the time of the scientific-linguistic expert examination.....	137
A.K. MAKHAMBETOVA, K.A. AINABAYEVA Unification of terms - the requirement of time.....	143
Young scholar tribune	
A.S. TULEPBAEVA, T.K. MAKENOV The legal nature of the institution of pre-trial settlement of disputes arising from public relations.....	154

D.B. ABDILDINA Some features of academic expertise of the drafts of international treaties.....	161
F.P. DOSSANOVA Alternative forms of pre-trial settlement of disputes arising from public relations: foreign experience and prospects for use in the Republic of Kazakhstan.....	167
M. BAISAKALOVA Legal issues of formation and functioning of the international transit corridor “Western Europe – Western China”.....	174
A.K. RAKISHEVA Analysis of the Law of the Republic of Kazakhstan «On Railway Transport» and the practice of its application.....	182

The Chronicle of Scientific Life

Information note about extended meeting of the Scientific and Methodological Council of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan to discuss the results of scientific research, Astana, September 27, 2018.....	191
Information note on the international conference «International Justice and Strengthening of Integration Processes», held in Minsk, Belarus, October 18-19, 2018.....	194
Information note on the IX International scientific and Practical Conference on Administrative Law «Executive proceedings in administrative law», Astana, November 1-2, 2018.....	197
Information note about extended meeting of the Scientific and Methodological Council of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan to discuss the results of scientific research, Astana, November 16, 2018.....	201
Information note about extended meeting of the Scientific and Methodological Council of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan to discuss the results of scientific research, Astana, November 30, 2018.....	205
Information note on the book exhibition dedicated to the Day of the First President of the Republic of Kazakhstan.....	207
Information note about extended meeting of the Scientific and Methodological Council of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan to discuss the results of scientific research, Astana, December 5, 2018.....	212
Information note on the business trip to Novosibirsk, December 5, 2018.....	216
Information note on a business trip to Moscow, 6-8 December 2018 year.....	220
Information note on the exhibition of publications received by the library.....	222

The archive pages of the«Bulletin»

M.A. AYMBETOV Some problems of compiling a glossary of legal terms (Vestnik IL RK. № 3 (27) -2012. - P. 127-130).....	223
B.A. SHOLAN Returning to the scientific publication M.A. Aymbetov «Заң терминдері сөздігін түзудің кейбір мәселелері» (Some problems of compiling a dictionary of legal terms).....	226

Personalities

Sh.V. TLEPINA Defender of Law (To the birthday of R.K. Sarpekov).....	229
On the anniversary of the candidate of legal sciences, associate professor Zh.U. Tlembaeva.....	233

Bibliography

REVIEW to the monograph by Ph.D., associate professor K.V. Agamirova «Forecasting of legal risks» in 2 volumes. - М.: Пы-сайнс, 2018. - Т. 1.- 328 p. –Т. 2. - 332 p.....	234
REVIEW of the collective monograph «Trade Unions: Theory and Practice» / Under total. ed. B.ZH. Abdiyayma. - Astana, 2018. - 357 p.....	238

Wise thoughts	256
----------------------------	-----



Басқаша айтқанда, егер де қазақ әліпбиінің латын графикасына ауыстыру материалдық жағынан да, әдістемелік жағынан да жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмесе, онда дәл осы қазақ тілінде сауатты азаматтарды біліктілігінен айыру сияқты күрделі қауіптің бас көтеретіні даусыз.

Осылайша, әліпби реформасы толық жауапкершілікпен жүзеге асырылуға тиіс. Берілген мерзім аса тығыз (ел Президентінің бағдарламалық мақаласында анық көрсетілген), бұл Республиканың жоғары басшылығы

тарапынан толық және егжей-тегжейлі бақылауды қиындатады және оны сол бақылауды талап ететіні белгілі.

Алайда еліміздің жаңа астанасы – Астана қаласы құрылысы жобасының сәтті іске асырылуын мысалға алатын болсақ, қазақстандықтар бұл міндетті де бұлжытпай еңсереді деген ойдамыз.

Түйіндей айтсақ, орталық ұжымы алдында бірігіп еңсеруді қажет ететін жоспарлы жұмыстар бар. Іске сәт дейміз!

ЛИТЕРАТУРА

1. «Латинизация: сможем ли мы осуществить эту реформу?» Сауле Исабаева/<https://camonitor.kz/26662-latinizaciya-smozhem-li-my-osuschestvit-etu-reformu.html>

REFERENCES

1. «Latinizacija: smozhem li my osushhestvit' jetu reformu?» Saule Isabaeva/<https://camonitor.kz/26662-latinizaciya-smozhem-li-my-osuschestvit-etu-reformu.html>

ӘОЖ (УДК) – 811.512.122' 374:34

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бекен Ахметоллаұлы Шолан

Қазақстан Республикасының Заңнама институты
Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар
жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының
аға ғылыми қызметкері, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы;
e-mail: sholan50@mail.ru

Түйін сөздер: халықаралық құжаттардың маңызы; халықаралық терминдер аудармасының мәселелері; ғылыми анықтама; тұрақты тіркестер және тезаурус.

Аннотация. Мақаланың кіріспе бөлімінде жалпы халықаралық құжаттардың маңызы, мемлекеттер арасында жасалатын келісімдер мен шарттардың және басқа да құжаттардың ел экономикасын дамытуда, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуда алатын орны туралы сипаттама беріледі.

Бұл мақалада еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары дүниежүзінің көптеген елдерімен Қазақстан жасасқан шарттар, келісімдер, хаттамалар, келісімшарттар, конвенциялар мен меморандумдар халықаралық қатынастардың нығаюына, елдің дамуына елеулі ықпал етіп отырғаны сөз болады.

Автор Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» тақырыптарындағы Қазақстан халқына Жолдауларында және Ұлытау төріндегі сұхбатында мемлекеттік тілге байланысты айтылған пікірлерін басшылыққа ала отырып, осы бағытта тиімді жүзеге асырылатын іс-шараларды атап көрсетеді.

Кейбір халықаралық құжаттардың мемлекеттік тілдегі мәтіндеріне талдау жасалып, анықталған сәйкессіздіктер нақты мысалдармен сараланады. Кейбір терминдер мен сөз тіркестеріне ғылыми тұрғыдан анықтамалар беріледі. Оладың Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия (бұдан әрі – Терминком) мүшелерінің талқысынан өткен дұрыс баламалары ұсынылады.

Сөздердің, сөйлемдер мен сөз тіркестерінің тезаурусын қалыптастыруға қатысты мәселеге үнемі назар аударылмай отырғандығы сөз болады.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ТЕРМИНОВ В МЕЖДУНАРОДНЫХ ДОГОВОРАХ

Шолан Бекен Ахметоллаулы

Старший научный сотрудник сектора научно-лингвистической
экспертизы проектов НПА и международных договоров
Центра лингвистики Института законодательства
Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан;
e-mail: sholan50@mail.ru

Ключевые слова: важность международных договоров; вопросы перевода международных терминов; научное обоснование; устойчивые словосочетания и тезаурус.

Аннотация. Во введении статьи говорится о важности международных договоров, описывается роль соглашений, договоров и других документов, заключенных между государствами в развитии экономики страны и улучшении благосостояния народа.

В статье отмечается вклад договоров, соглашений, протоколов, конвенций и меморандумов Казахстана, заключенных со многими государствами мира в период после получения независимости нашей страны, в налаживании международных отношений и развитии государства.

Принимая во внимание мнения, высказанные Главой государства Н.А. Назарбаевым в Посланиях народу Казахстана, посвященных темам: «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства», «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», и в ходе беседы в Улытау в отношении государственного языка, автор отмечает о проделанной работе в данном направлении.

Проведен анализ нескольких текстов международных договоров на государственном языке, выявленные несоответствия показаны конкретными примерами. Некоторым терминам и словосочетаниям прилагаются научные обоснования. После обсуждения членами Республиканской терминологической комиссии при Правительстве Республики Казахстан представлены утвержденные варианты таких слов.

В статье также поднимается вопрос о недостаточном уделении внимания при составлении тезауруса слов, предложений и словосочетаний.

SOME QUESTIONS OF TERMS IN INTERNATIONAL TREATIES

Sholan Beken

Senior Researcher of the sector of scientific and linguistic expertise
of legal acts and international agreements of Linguistic center
of Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan;
e-mail: sholan50@mail.ru

Keywords: the importance of international treaties; the translation of international terms; scientific rationale; firm phrases and thesaurus.

Abstract. The introduction of the article refers to the importance of international treaties, describes the role of agreements, treaties and other documents concluded between states in the development of the national economy and improving the welfare of the people.

The article notes the contribution of treaties, agreements, protocols, conventions and memorandums of Kazakhstan, concluded with many states of the world in the period after our state gained independence, in establishing international relations and state development.

Taking into account the opinions expressed by the Head of State N.A. Nazarbayev in the Address to the people of Kazakhstan on the topics: “Strategy “Kazakhstan-2050”: a new political course of the established state”, “Kazakhstan’s way-2050: Common goal, common interests, common future”, and during the conversation in Ulytau regarding the state language, the author notes about the work done in this direction.

The analysis of several texts of international treaties in the state language was carried out, the revealed discrepancies are shown by concrete examples. Some terms and phrases attached scientific

justification. After discussion by members of the Republican Terminology Commission under the Government of the Republic of Kazakhstan, the approved versions of such words are presented.

The article also raises the issue of insufficient attention to the compilation of the thesaurus of words, sentences and phrases.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін шет мемлекеттермен тікелей құқықтық шарттар, келісімдер, хаттамалар мен келісімшарттар жасасуға кеңінен жол ашылды. Бұл маңызды халықаралық құжаттар әр сала бойынша құқықтық мәселелерді шешумен қатар, Қазақстанның шетелдермен арадағы ынтымақтастығын жандандырып, достық қатынасты нығайтуға оң әсерін тигізіп келеді. Мемлекеттің құқықтық саясаты негізінде құқық қорғау және сот жүйелерінің, құқық қорғау институттарының дамуы арқасында құқықтық салада екіжақты және көпжақты тиімді келісімдер мен шарттар жасасу жолға қойылды. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері көптеген елдермен құқықтық келісімдер жасасып, халқымыз үшін аса қажетті заңдар ратификацияланды.

Қазақстанда демократиялық және құқықтық сұранысқа сәйкес келетін құқық қорғау жүйесі қалыптасты. Ол конституциялық талаптарға сай тиімді жұмыс істеуде. Осы жүйенің нәтижелерін саралай отырып, оның қызметін одан әрі дамыта беру де ерекше назарда тұр. Өйткені қылмысқа қарсы күресу, заңдылықты және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі мәселенің нәтижелері құқықтық актілердің уақтылы әрі сапалы орындалуына байланысты болады. Ал мұның өзі құқықтық салада шетелдермен жасалатын түрлі келісімдер мен шарттардың оңтайлы болуына оң әсер ететіні сөзсіз.

Бүгінде Қазақстан шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен төрт мыңға жуық халықаралық шарт жасасыпты. Олар негізінен саяси, әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-техникалық, қауіпсіздік және тағы басқа салалардағы халықаралық құқықтық ынтымақтастықты қамтиды. Бұл маңызды халықаралық құжаттар еліміздің ширек ғасыр ішінде әлемдік аренада өз орнын нақтылап, өзге елдермен терезесі тең жағдайда қарым-қатынасты жолға қойғанын айғақтайды. Әлемдік нарықтық экономикаға кірігу үшін заңдарымыздың халықаралық құқықтық актілермен дер кезінде сәйкестендірілуіне ерекше көңіл бөлініп келеді. Оның оң нәтижелерін шетелдік сарапшылар да мойындап отыр.

2018 жылдың басында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жанындағы

Заңнама институты Лингвистика орталығының (бұдан әрі – Орталық) қызметкерлеріне Парламент ратификациялаған бірқатар шарттарға, келісімдерге, хаттамаларға, конвенцияларға, келісімшарттар мен меморандумдарға ғылыми сараптама жасау тапсырылған еді. Енді олар өздеріне тиесілі құжаттарды тұтастай қарап шығып, халықаралық терминдер мен сөз тіркестерін зерттеу нәтижелері бойынша сараптама жасайды, тоқсан сайын атқарған жұмысы туралы басшылыққа есеп беріп отырады. Сонымен қатар, жиі қолданылатын терминдер мен тұрақты тіркестер сұрыпталып, олардың Мемлекеттік терминологиялық комиссия мақұлдаған баламасы «Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігінің» (құрастырушысы – Заңнама институтының жетекші ғылыми қызметкері М.А.Айымбетов) [1] кезекті басылымына енгізіледі. Сөйтіп, ағымдағы жылдың соңында, тұтастай алғанда 222 халықаралық құжатқа толықтай сараптама жасалып, мамандардың талқысынан өтеді. Мұндай сараптамалық зерттеу халықаралық құжаттарда қолданылатын заң терминдері мен заңнама ұғымдарының тезаурусын бір ізге түсіру арқылы аудармадағы тентүпнұсқалықты қалыптастыруға оң ықпал ететіні сөзсіз. Яғни, «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттегені жөн.» [2].

Халықаралық шарттар мен келісімдер, хаттамалар мен меморандумдар ағылшын тілінен орыс тіліне, содан кейін қазақ тіліне аударылатыны жасырын емес. Кейде бұл құжаттарды асығыс қабылдауға тура келеді. Ертеректе қабылданған осындай құжаттарға сараптама жасау барысында олардың аудармасында біршама кемшіліктердің орын алғаны анықталды. Сөз тіркестерін былай қойғанда, қалыптасқан терминдердің өзі сақталмайтын жағдайлар кездесіп қалады.

Мысалы, 2000 жылғы 22 ақпандағы Жолаушылар мен жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдау туралы конвенцияда¹:

1) 6-бапта «претензия» сөзі «талап» деп

¹ 2000 жылғы 22 ақпандағы Жолаушылар мен жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдау туралы конвенция. //«Әділет» АҚЖ.

алынған екен, оны орысшаға аударғанда «требование» болып шығады. Өткен жылы Орталық осы терминнің «кінәрат-талап» деген баламасын ұсынған еді. Бұл нұсқа орысша терминнің анықтамасымен сәйкес келіп тұрғандықтан, ол Терминкомның бекітуіне ұсынылып отыр;

2) 23-баптың бірінші абзацындағы «депозитарий» термині «кепілші» деп аударылыпты. Бұл – түбірімен қате балама. Латынша мағынасы «сақтаушы» дегенге келеді. Дегенмен де, көбінесе халықаралық нарықта қолданылып жүрген бұл терминді сол күйінде қалдырған дұрыс. Кейінгі жылдары қабылданған халықаралық құжаттардың бәрінде осылай алынып жүр.

Сондай-ақ, 2003 жылғы 21 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімде²:

1) 5-баптың 2-тармағындағы «эмиграция» термині «көшіп кету» деп алыныпты. Ал осы сөзге википедияда мынадай анықтама берілген: «эмиграция - экономикалық, саяси, жеке мән-жайларға байланысты бір елден басқа елге амалсыз немесе өз еркімен қоныс аудару». Кейбір халықаралық құжаттарда осы термин әртүрлі (кету, көшіп кету, қоныс аудару және т.б.) аударылып жүр. Бұл сөздің түбірі латыншадан алынғандықтан, оны аудармай сол күйінде қалдыру қажет деп есептейміз;

2) 6-баптың 3-тармағында және бүкіл мәтіні бойынша «маршрут» деген географиялық термин «бағыт» деп беріліпті. Ал енді оның анықтамасын оқып көрейік: «маршрут – бастапқы, соңғы және аралық нүктелері бар болған жағдайда объектінің географиялық бағдарларға немесе координаттарға қатысты қозғалу бағыты бойынша жүру жолы». Яғни бұл екі терминнің сипаты мен мағынасы әртүрлі. Сол себепті оған «бағыт» деген қазақша баламаны телуге болмайды, оның үстіне «бағыт» сөзін орысшаға кері аударсақ, «направление» болып шығады.

3) 9-баптың тақырыбында және мәтінінде «транзит» термині «транзиттеу» және «транзит жасау» деп екі түрлі алынған. Ал осы халықаралық термин латынша «өту» деген мағынаны білдіретіні, яғни атау тұлғадағы етістік екені ескерілмеген. Бұл сөзді тұйық етістікке айналдырмай-ақ, түпмәтінге қарай «транзит» немесе «транзиті» деп алған жөн.

Шет тілінен енген, күнделікті өмірде жиі қолданылатын терминдерді түпнұсқа мағынасында қалдырған дұрыс, себебі олардан қандай да бір жасанды баламасын қолдану арқылы сөзжасам жасау жаңсақтыққа әкеп

соғуы мүмкін. Сондықтан, шет тілінің транскрипциясымен берілген әрбір терминді білікті мамандардың қатысуымен жан-жақты саралап, талдағаннан кейін ғана қолданысқа енгізу қажет. Ал енді кейбір кірме сөздердің мағынасын дәл беретін сәтті баламалары табылып жатса, оларды жатсынбай қабылдап, тілімізді байыта түскен абзал. Ондай сәтіммен табылған сөздер, тіпті сөз тіркестері де баршылық (мысалы: «модернизация – жаңғырту», «модификация – түрлендіру», «критерий - өлшемшарт», «контекст - түпмәтін», «формальность - ресмиеттілік», «процедура - рәсім», «неустойка – айыпақы» және т.б.), олар қазір сөздік қорымызға кірігіп, кеңінен пайдаланылуда. Мәселен, ғылыми сараптама жасау барысында кейбір халықаралық құжаттардағы «аффилированное лицо» деген сөз тіркесі «аффилирленген тұлға» деп аударылғанын байқадық, ал дәл осы тіркесті Терминком «үлестес тұлға» деп бекіткені үнемі ескеріле бермейтіні өкінішті.

Заң жобалары негізінен орыс тілінде дайындалатынын жоғарыда айттық. Ал, өз кезегінде, олардың орысша мәтіндері батыс елдерінің үлгі заңдарына (әсіресе, ағылшын тіліндегі) негізделіп жазылады. Осы елдердің грамматикалық заңдылығында кейбір атау тұлғадағы зат есімдер сөйлемнің ортасында да, соңында да бас әріппен жазыла беретін ереже бар. Ал шет тілінен орыс тіліне аударылып, бас әріппен жазылған сөздер қазақ тілінде де сол күйінде берілетінін кез келген нормативтік шарттан немесе келісімнен байқауға болады. Мұндай жағдайда заң жобасының бастамашылары немесе аудармашылар қандай дереккөзге сүйенерін білмейді. Өйткені басшылыққа алынатын құжаттарда да (заң, шарт, келісім, келісімшарт, меморандум, хаттама) бірізділік жоқ. Мәселен, «шарт», «келісім», «екінші тарап», «уағдаласушы мемлекет», «негіздемелік келісім» және басқа да көптеген сөздер мен сөз тіркестері бір халықаралық құжатта бас әріппен алынса, екіншісінде кіші әріппен беріледі.

Бұл ретте 2013 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шығарған «Қазақша-орысша-ағылшынша дипломатиялық сөздікті» (құрастырушы – Б.М.Жәмкенов) [3] атап өткен жөн. Осы сөздіктің соңындағы 1 және 2-қосымшаларда шет мемлекеттердің, олардың атауларының, ірі қалаларының, ақша бірліктері мен ұлттық мерекелерінің, сондай-ақ негізгі халықаралық, өңірлік және үкіметтік емес ұйымдардың қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде бас әріппен жазылған тізімі берілген. Бұл - аудар-

² 2003 жылғы 21 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім. //«Әділет» АҚЖ.

машы-мамандарға аса қажетті көмекші құрал. Ал аталмыш сөздік дипломатиялық салаға арналғандықтан, сол саланың ғана терминдерін қамтыған. Басқа министрліктер мен ведомстволар да осындай игі істі қолға алады деп үміттенеміз.

Бұл орайда, әлі күнге дейін іске аспай келе жатқан тағы бір өзекті проблема бар. Ол - заңнамада, халықаралық құжаттарда жиі қолданылатын терминдерді, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін жан-жақты зерделеп, тұрақтандыру үшін тезаурусты қалыптастыру мәселесі. Тұрақты тезаурусты қалыптастыру бағытындағы сөздіктер бүгінгі таңда өте қажет-ақ. Оларда қамтылған ұғымдар барынша стандартталған әрі нысандық және ұғымдық жағынан өзгеріске ұшырамай, қалыптасқан шаблон сияқты қайталанып келіп отырады. Мұның өзі заңдардың аудармасында жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін қолданғанда бірізділікті сақтауға мүмкіндік береді. Басқа да көптеген саланың мамандары осындай сөздіктер жасаса, солардың басын біріктіріп, бір ортақ сөздік шығарса, бұл аудармашылар үшін өте қолайлы әрі пайдалы құрал болар еді. Заңгер-журналист әрі тәжірибелі аудармашы Д.Омашұлының «Заңнама ұғымдарының тезаурусы» [4] атты кітабы осы салада мемлекеттік тілде жарық көрген тұңғыш еңбек. Бірақ оның таралымы аз және бір кітапта барлық тұрақты нормаларды қамту мүмкін емес. Сондықтан, келешекте осындай пайдалы бастамаларды әрі қарай дамытып, жалғастыра беру қажет деп есептейміз. Осы мәселелер төңірегінде «Ана тілі» ұлттық газетіне сараптамалық мақала да жарияланды [5].

Жалпы заң терминдерін, оның ішінде халықаралық терминдерді орнықтыру мәселесін мемлекеттік деңгейде шешу қажет. Термин мәселесімен тұрақты түрде айналысатын мемлекеттік ресми орталық құру, яғни Республикалық терминологиялық комиссияны тікелей Үкімет Кеңсесіне қарайтын дербес республикалық мекеме ретінде қайта құру қажеттігі туралы әртүрлі деңгейде жиі айтылып жүр. Бұл мекеме осы саладағы ғылыми институттардың әлеуетін, заңгер ғалымдардың, дипломаттардың, тіл мамандары мен лингвистердің, тәжірибелі аудармашылардың нақты, білікті көмегін пайдалана алар еді. Оның мақұлдауға, бекітуге ұсынатын терминдері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көпшіліктің немесе арнайы сала мамандарының талқылауынан жүйелі түрде өткізілуі тиіс. Ал, қазіргі жағдайда бұл комиссия Мәдениет және спорт министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) Тіл комитетінің құрамында болғандықтан, өзінің негізгі міндетін Министрліктің ағымдағы мәселелерінің арасында тиісінше атқаруға мұршасы бола бермейді. Сондықтан оның мәртебесі жоғары, міндеті де ауқымды болуға

тиіс. Осы комиссияның өкілеттігі кеңейтілген жағдайда оған: түрлі сөздіктерді басып шығаруға рұқсат беру, БАҚ-та, білім беру саласында, түрлі ұйымдар мен ведомстволардың, кәсіпорындардың кеңсе қызметінде терминдердің қолданылуын бақылау, шет тілдегі сөздерді енгізу және шетел сөздерін қазақ тілінің түбірлес сөздерімен ауыстыру процестерін шектеу бойынша біріздендірілген нормалар мен әдістемені енгізу, «жаңа терминдер» бюллетенін, терминологиялық мәселелер бойынша журнал шығару, терминологиялық мониторинг жүргізу, виртуалдық кеңістікте пайда болған жаңа терминдерге бақылау жасау, жеке өз web-порталын ашу сияқты міндеттерді жүктеуге болады деп есептейміз.

Жоғарыда аталған комиссия терминдерді біріздендіру және теңтүпнұсқалы қолдану мақсатында мемлекеттік органдардың маңызды халықаралық құжаттарына (шарт, келісім, келісімшарт) мониторинг жүргізу жөніндегі жұмысын үйлестіріп, оған ресми түрде бақылау жасап отыруға тиіс.

Қоғам өмірінің барлық саласын қамтитын терминология жүйені жетілдіру жоғары деңгейде шешілетін мәселе болғандықтан, бұл мекеме тікелей Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен құрылатын, ғылыми-лингвистиканың практикалық қолданбалы зерттеу мәселелерімен айналысатын мекеме ретінде қарастырылуға тиіс. Сонда ол тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерін, оның ішінде аударма тіліне қатысты проблемаларды ғылыми-лингвистикалық және терминологиялық тұрғыдан қамтамасыз ететін болады.

Министрліктің Тіл комитеті атқарушы биліктің тілдерді дамыту мен қолдану жөніндегі өзге де маңызды міндеттерін, оның ішінде Мемлекеттік терминология және ономастика комиссияларының жұмысын жүйелі түрде жолға қоюды осы Орталық атқаратын жұмыстың нәтижелерін негізге ала отырып іске асырса, анағұрлым тиімді болар еді.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы (31 қаңтар, 2017 жыл) «Төртінші басымдық - адами капитал сапасын жақсарту» деген бөлімінде мемлекеттік тілдің болашағына зор көңіл бөліп: «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді.» - деген еді [6]. Осыған орай, бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің халықаралық аренаға көтеріліп, тұрақты дамуы үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалуда. Осы бағытта күрделі іс-шаралар қолға алынып, тиісінше тиянақты түрде жүзеге асырылып та келеді. Өз кезегінде, халықаралық құжаттар аудармасының сапасы да жақсара түседі деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТ

1. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі (құраст. Заңнама институтының жетекші ғылыми қызметкері М.А. Айымбетов). – Астана: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2015. – 480 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [http //www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
3. «Қазақша-орысша-ағылшынша дипломатиялық сөздік» / құраст. Б.М. Жәмкенов). - Астана, 2013. - 527 б.
4. Омашұлы Д. Заңнама ұғымдарының тезаурусы. – Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2013. – 150 б.
5. Шолан Б.А. Заң терминдерін аударуда бірзділік қажет / «Ана тілі» газеті, 2017 ж., №52(1414).
6. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы // [http //www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

REFERENCES

1. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі (құраст. Заңнама институтының жетекші ғылыми қызметкері М.А. Айымбетов). – Астана: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2015. – 480 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [http //www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
3. «Қазақша-орысша-ағылшынша дипломатиялық сөздік» / құраст. Б.М. Жәмкенов). - Астана, 2013. - 527 б.
4. Омашұлы Д. Заңнама ұғымдарының тезаурусы. – Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2013. – 150 б.
5. Шолан Б.А. Заң терминдерін аударуда бірзділік қажет / «Ана тілі» газеті, 2017 ж., №52(1414).
6. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы // [http //www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

ӘОЖ 81:001.8

ҒЫЛЫМИ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМАНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Нүргүл Айтмұханқызы Байкәрімова

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының аударма секторының жетекші ғылыми қызметкері; Астана қ., Қазақстан Республикасы;
e-mail: n.baikarimova@adilet.gov.kz

Дүйсенкүл Мұхамбетжанқызы Шыңғысбаева

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының аударма секторының аға ғылыми қызметкері; Астана қ., Қазақстан Республикасы;
e-mail: d.shyngysbaeva@adilet.gov.kz

Түйін сөздер: ғылыми-лингвистикалық сараптама; екі тілдегі мәтіндердің теңтүп-нұсқалылығы; терминология, семантика; филология; ведомстволық бағыныстылық; этимология; мағыналық зерттеу; құқық туралы дау; құзырет.

Аннотация. Бүгінгі күнде, өкінішке орай, нормашығармашылықтағы ғылыми лингвистикалық сараптама сияқты сараптаматанудың ерекше түрін өткізу туралы толық ақпараттық көздер жоқ.